

**Баспасөз хабарламасы**

Астана қ., 15 сәуір 2025 жыл

**«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың I тоқсанындағы өндірістік қорытындыларын шығарды**

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың I тоқсанының өндірістік қорытындысын шығарды.

Есепті кезеңде мұнай тасымалдау мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеудің шоғырландырылған көлемі 11 млн 947 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылғы I тоқсандағы көрсеткіштен 705 мың тоннаға артық.

Жеке «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша 11 млн 744 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл 2025 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 833 мың тоннаға артық.

I тоқсанда мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы 11 млрд 232 млн тонна-километрді құрады, бұл 2025 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда 36 мың тонна-километрге артық.

Жеке «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша магистральдық мұнай құбырлары жүйесіндегі мұнай жүк айналымы 8 млрд 635 млн тонна-километрді құрады.

Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарына магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы жеткізілген мұнай көлемі 4 млн 412 мың тоннаны құрады, оның ішінде:

- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-не – 1 млн 458 мың тонна,
- «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС-не – 1 млн 323 мың тонна,
- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-не – 1 млн 591 мың тонна,
- «CASPI BITUM» БК» ЖШС-не – 40 мың тонна мұнай жеткізілді.

«Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі бойынша мұнай тасымалдау көлемі 2026 жылдың I тоқсанында 2 млн 621 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылдың ұқсас көрсеткішінен 212 мың тоннаға артық. Оның ішінде Германияға одан әрі жеткізу үшін «Транснефть» ЖАҚ мұнай құбырлары жүйесіне қазақстандық мұнайды жеткізу 2025 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 353 мың тоннаға ұлғайып, 730 мың тоннаны құрады.

ТОН-2 мұнай құбыры учаскесі бойынша 2026 жылдың I тоқсанында 2 млн 867 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 58 мың тоннаға аз.

«Атасу – Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырына 2 млн 850 мың тонна мұнай құйылып, бұл 2025 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 129 мың тоннаға артық болды. Оның ішінде осы бағыт бойынша экспорт көлемі 345 мың тоннаны құрап, өткен жылмен салыстырғанда 106 мың тоннаға өсті.

«Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ жүйесіне мұнайды ауыстырып тиеу көлемі 1 млн 331 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 427 мың тоннаға артық.

Ақтау портында «ҚазТрансОйл» АҚ қуаттарын пайдалану арқылы танкерлерге мұнай құю көлемі 853 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 35 мың тоннаға көп. Оның ішінде «Баку – Тбилиси – Джейхан» бағыты бойынша тиеу 26 мың тоннаға артып, 346 мың тоннаны құрады.

Есепті кезеңде «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС мұнай құбырлары жүйесі бойынша 4 млн 953 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл 2025 жылғы көрсеткіштен 106 мың тоннаға артық. Компанияның жүк айналымы 4 млрд 514 млн тонна-километрді құрады.

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС мұнай құбыры арқылы 1 млн 608 мың тонна көлемінде мұнай тасымалданды, бұл 2025 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 129 мың тоннаға артық. Компанияның жүк айналымы 31 млн тонна-километрге артып, 666 млн тонна-километрді құрады.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ және «Petrotrans Limited» компаниясының компаниялар тобы бойынша есепті кезеңде мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі 203 мың тоннаны құрады.

«Магистральдық су құбыры» ЖШС Қазақстанның Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры арқылы 5 млн 390 мың текше метр тұщы су берді, бұл көрсеткіш 2025 жылдың ұқсас кезеңі деңгейінде қалды.

*«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральды мұнай құбыры бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың шақырым болатын әртараптандырылған магистральды мұнай құбырлары желісіне ие және жалпы ұзындығы 5 мың шақырымнан асатын өзге ұйымдардың құбырларын техникалық қызмет көрсетумен қамтитын операторлық қызметтер көрсетеді.*

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар басқармасы**